«БЕКІТЕМІН»
Жетісу облысының ішкі
саясат басқармасының басшысы
_____Б.Абибеков
«__30__»__09__2026 жыл

«Заң мен тәртіп– әділдіктің тірегі» атты конференциясының техникалық сипаттамасы

1. Қызмет көрсету орны: Жетісу облысы

2. Қызмет көрсету мерзімі: Шартқа сәйкес шартты Қазынашылық органдарында тіркеген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде.

Өнім беруші төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

Бейсболка – Өнім беруші күнделікті қолдануға, ресми іс-шараларға, акцияларға, форумдарға, қоғамдық және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларына киюге жарамды кемінде 30 дана бейсболкамен қамтамасыз етуі қажет.

Бейсболка классикалық алты панельді үлгіде дайындалуы тиіс. Алдыңғы бөлігі қатайтылған, күнқағары алдын ала иілген пішінде болуы қажет. Артқы жағында басқа ыңғайлап реттеуге арналған бекіткіші болуы тиіс. Тігістері түзу, сапалы орындалған, жіп қалдықтары мен өндірістік ақаулары болмауы қажет.

Кепканың негізгі түсі – қою көгілдір (бирюза) түсті. Логотип ақ түсте орындалуы тиіс.

Логотип кепканың алдыңғы орталық бөлігіне орналастырылады. Сонымен қатар жазу кепканың сол жақ бүйір бөлігіне орналастырылуы тиіс. Жазу мен логотиптің орналасуы тапсырыс беруші ұсынған дизайн-макетке толық сәйкес орындалуы қажет.

Логотип пен жазуды басу технологиясы ретінде жоғары сапалы кестелеу, термотрансферлік баспа немесе тозуға төзімді тікелей баспа қолданылуы тиіс. Баспа айқын, анық көрінетін, өшпейтін, жарылып кетпейтін және сыртқы әсерлерге төзімді болуы қажет.

Футболка – Өнім беруші күнделікті пайдалануға, бұқаралық іс-шараларға, акцияларға, форумдарға, семинарларға, спорттық және ақпараттық-насихаттау іс-шараларына арналған кемінде 30 дана футболкамен қамтамасыз етуі қажет.

Футболка классикалық үлгіде, қысқа жеңді, дөңгелек жағалы болуы қажет. Пішімі ерлер мен әйелдерге жарамды әмбебап үлгіде дайындалуы тиіс. Тігістері түзу, сапалы орындалған, жіп қалдықтары мен өндірістік ақаулары болмауы қажет.

Бұйымның материалы табиғи мақтадан дайындалуы тиіс. Матаның тығыздығы кемінде 180–200 г/м² болуы қажет. Матасы жұмсақ, ауа өткізгіш, тозуға төзімді, пішіні мен түсін жоғалтпайтын сапада болуы тиіс.

Футболканың негізгі түсі – қою көгілдір (бирюза) түсті. Бұйымның түсі біркелкі, өңі оңбайтын және сапалы боялған болуы қажет.

Логотип пен жазуы футболканың сол жақ кеуде тұсына орналастырылуы тиіс. Логотип ақ түсте орындалуы қажет. Орналасуы мен өлшемі тапсырыс беруші ұсынған бекітілген дизайн-макетке толық сәйкес болуы тиіс.

Логотип пен жазу жоғары сапалы жібек экранды баспа (шелкография) әдісімен орындалуы қажет. Баспа анық, қанық түсті, жарылып кетпейтін, өшпейтін және өзінің бастапқы сапасын сақтайтын болуы тиіс.

Футболкалар S, M, L, XL, XXL өлшемдерінде дайындалады. Әр өлшемнің саны тапсырыс берушінің сұранысына сәйкес анықталады.

Жилетка – Өнім беруші еріктілерге, ұйымдастырушыларға және іс-шараларға қатысушыларға арналған кемінде 30 дана жилеткамен қамтамасыз етуі қажет.

Өнім ашық ауада және салқын мезгілде киюге ыңғайлы болуы қажет. Кеудеше жеңсіз, классикалық үлгіде, тік силуэтті болуы тиіс. Алдыңғы бөлігі толық ұзындықтағы найзағайлы (сыдырмалы) жабындымен жабдықталуы қажет. Жағасы тік, мойынды суықтан қорғайтын үлгіде орындалуы тиіс. Тігістері түзу, сапалы орындалған, өндірістік ақаулары мен артық жіптері болмауы қажет.

Сыртқы материалы жоғары сапалы су өткізбейтін және жел өткізбейтін полиэстерден дайындалуы тиіс. Матаның тығыздығы кемінде 90–120 г/м² болуы қажет. Ішкі қабаты синтетикалық жылу сақтайтын толтырғышпен (синтепон немесе соған баламалы материал) толтырылып, салқын ауа райында дене жылуын сақтауы тиіс. Ішкі астары тегіс, тозуға төзімді полиэстерден дайындалуы қажет.

Кеудешенің негізгі түсі – қара. Матасы өңін жоғалтпайтын, бірнеше рет пайдалануға және химиялық тазалауға төзімді болуы тиіс.

Кеудешенің сол жақ кеуде тұсына ақ түспен логотип орналастырылуы тиіс. Логотиптің орналасуы, өлшемі және дизайны тапсырыс беруші бекіткен макетке толық сәйкес болуы қажет.

Логотип жоғары сапалы кестелеу немесе термотрансферлік баспа технологиясы арқылы орындалуы тиіс. Баспа немесе кесте анық, өшпейтін, жарылып кетпейтін және ұзақ уақыт пайдалануға төзімді болуы қажет.

Кеудеше екі бүйір қалтамен жабдықталуы тиіс. Қалталар берік тігілген және күнделікті пайдалануға ыңғайлы болуы қажет.

Өлшемдері S, M, L, XL, XXL және XXXL болуы тиіс. Әр өлшем бойынша саны тапсырыс берушінің сұранысына сәйкес анықталады.

Фото, видео түсіру – Өнім беруші фото, бейнероликтерді түсіруге арналған камералар жоғары сапалы бейнежазба мен дыбыс жазуды қамтамасыз ететін заманауи техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс. Дыбыс жазу құрылғылары (микрофондар) анық, таза және кәсіби деңгейдегі дыбыс жазуды қамтамасыз етуі қажет. Сатып алынатын дрон бейнероликтерді кәсіби деңгейде түсіруге арналған заманауи техникалық құрал болуы тиіс. Дрон DJI RC 2 қашықтан басқару пультімен бірге, максималды ұшу биіктігі – кемінде 4000 м, максималды ұшу жылдамдығы – кемінде 16 м/с, ұшу уақыты – кемінде 60 минутқа дейін. GPS, оптикалық және инфрақызыл датчиктермен, автопилотпен, операторды қадағалау және ұшу нүктесіне автоматты қайту функцияларымен жабдықталған. Камера ажыратымдылығы – кемінде 50 Мп, бейнетүсірілім – кемінде 3840p, фотосурет ажыратымдылығы – кемінде 8192×6144, камера тұрақтандыруы – кемінде 3 осьті. Басқару қашықтығы – кемінде 20 км-ге дейін, кемінде 512 ГБ жад картасымен болуы тиіс. Шара суреттерімен видоларын жедел жариялау мақсатында Өнім беруші пульт, аккумулятор, зарядтау концентраторы мен кабелі, тасымалдау сөмкесі, кемінде 512 ГБ жад картасы, қосалқы пропеллерлер, бұрандалар, бұрауыш және сүзгісі болуы тиіс. Дрон бейнероликтерді көше, табиғат, ғимарат ішіндегі және түрлі локациялардағы түсірілімдерде қолдануға жарамды болуы тиіс. Жоба шеңберінде сатып алынған дрон Тапсырыс берушіге беріліп, оның меншігінде қалады.

Папка – Өнім беруші ресми кездесулерде, конференцияларда, форумдарда, семинарларда, қоғамдық қабылдауларда, баспасөз іс-шараларында және құжаттарды сақтауға әрі таратуға арналған кемінде 100 дана папкамен қамтамасыз етуі қажет.

Папка қатты тығыз қағаздан немесе жоғары сапалы хром-эрзац картонынан дайындалуы тиіс. Материалдың тығыздығы кемінде 300–350 г/м² болуы қажет. Өнім берік, пішінін сақтайтын, ұзақ уақыт пайдалануға жарамды және механикалық әсерлерге төзімді болуы тиіс.

Папка жабық күйінде кемінде А4 форматындағы (220×310 мм ±5 мм) құжаттарды орналастыруға арналған болуы қажет.

Папканың сыртқы беті тапсырыс беруші бекіткен дизайн-макетке сәйкес орындалуы қажет. Негізгі түсі көгілдір және ашық сары түстердің градиентімен безендіріліп, корпоративтік графикалық өрнектер қолданылуы қажет.

Папканың алдыңғы бетінің жоғарғы оң жақ бөлігінде логотип пен жазу орналастырылады. Логотиптің, мәтіннің және басқа графикалық элементтердің орналасуы бекітілген дизайн-макетке толық сәйкес болуы тиіс.

Баспа толық түсті (4+0 немесе 4+4) офсеттік немесе цифрлық технологиямен орындалуы қажет. Баспа сапасы жоғары, түстері қанық, мәтіндері анық және графикалық элементтері айқын көрінетін болуы тиіс.

Папканың сыртқы бетіне күңгірт немесе жылтыр ламинация қолданылуы тиіс.

Дайын өнімнің бұрыштары тегіс, кесу сызықтары дәл орындалған болуы тиіс. Өнімде баспа ақаулары, түс айырмашылығы, қағаздың бүлінуі немесе механикалық зақымдары болмауы қажет.

Баннер – Өнім беруші сыртқы жарнамалық билбордтарды дайындау және орнатуы керек. Жалпы орналастыру көлемі кемінде 360 шаршы метрді құрауы қажет. Билбордтар әртүрлі өлшемде дайындалуына рұқсат етіледі, алайда барлық орналастырылатын конструкциялардың жиынтық ауданы 360 шаршы метрден кем болмауы тиіс. Өлшемдері тапсырыс берушінің келісімімен анықталады және қолданыстағы жарнама конструкцияларына сәйкес болуы қажет.

Жарнамалық материалдардың дизайны тапсырыс беруші ұсынған макет негізінде әзірленеді. Макетте мемлекеттік рәміздерге қойылатын талаптар, корпоративтік стиль, логотиптер, мәтіндер және графикалық элементтер өзгеріссіз сақталуы тиіс. Түстердің қанықтығы жоғары, мәтіндер анық оқылатын және алыстан жақсы көрінетін сапада орындалуы қажет.

Баспа материалы сыртқы орта жағдайларына төзімді, жоғары сапалы баннер матасына немесе соған тең материалға ультракүлгін (UV) немесе экосольвенттік технологиямен басылуы тиіс. Баспа сапасы кемінде 720 dpi болуы қажет. Материал күн сәулесіне, жауын-шашынға, желге және температураның өзгеруіне төзімді болуы тиіс. Бояулар оңып кетпеуі, жарылып немесе қабыршақтанып кетпеуі қажет.

Өнім беруші жарнамалық материалдарды дайындауды, жеткізуді, қолданыстағы жарнама конструкцияларына монтаждауды және орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін демонтаждау жұмыстарын толық көлемде қамтамасыз етуі тиіс.

Орналастырылатын барлық билбордтар Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Дайын өнімде механикалық зақымдар, түс айырмашылығы, баспа ақаулары немесе материалдың бүліну белгілері болмауы қажет.

Ситилайт – Өнім беруші аялдама павильондарына арналған кемінде 200 дана ақпараттық жарнамалық постерлерді дайындау және орналастыруы қажет.

Жарнамалық өнім қоғамдық көлік аялдамаларында орналасқан жарықтандырылатын немесе жарықтандырылмайтын жарнамалық конструкцияларға орналастыруға арналған болуы тиіс. Постерлердің өлшемдері қолданыстағы конструкциялардың техникалық талаптарына сәйкес дайындалады. Орналастыру өлшемдері тапсырыс берушімен келісіліп айқындалады.

Жарнамалық материалдың дизайны тапсырыс беруші ұсынған макетке сәйкес орындалуы тиіс. Макетте логотип, тақырыптық мәтін, корпоративтік түстер және графикалық элементтер толық сақталуы қажет. Мәтіндер алыстан анық оқылатын, түстері қанық және визуалды қабылдауға қолайлы болуы тиіс.

Постерлер жоғары сапалы жарық өткізетін (Backlit) материалға басылып дайындалуы тиіс. Баспа технологиясы ультракүлгін (UV), латекстік немесе экосольвенттік әдіспен орындалып, сыртқы орта әсеріне төзімді болуы қажет. Баспа сапасы кемінде 720 dpi болуы тиіс.

Материал күн сәулесіне, жауын-шашынға, желге, температураның өзгеруіне және ылғалдың әсеріне төзімді болуы қажет. Баспа өшпеуі, жарылып немесе қабыршақтанып кетпеуі тиіс. Өнімде механикалық зақымдар, ауа көпіршіктері, қатпарлар немесе баспа ақаулары болмауы қажет.

Өнім беруші жарнамалық материалдарды дайындауды, қажетті орындарға жеткізуді, қолданыстағы аялдама конструкцияларына сапалы монтаждауды және орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін оларды демонтаждауды қамтамасыз етуі тиіс.

Ту – Өнм беруші қызметтік кабинеттерде, конференц-залдарда, қоғамдық қабылдау орындарында, сондай-ақ ашық алаңдарда өткізілетін ресми және ақпараттық-насихаттау іс-шараларында пайдалануға арналған кемінде 3 дана тумен қамтамасыз етуі қажет.

Тудың матасы жоғары сапалы жалаулық полиэстерден дайындалуы тиіс. Матаның тығыздығы кемінде 110–120 г/м² болуы, түсі қанық, жеңіл, желде еркін желбірейтін, күн сәулесіне, ылғалға және сыртқы орта әсеріне төзімді болуы қажет.

Тудың негізгі түсі көгілдір (бирюза) түсті болуы тиіс. Бетінде логотипі мен жазуы ақ түспен толық түсті технология арқылы басылуы қажет. Баспа жоғары сапалы, анық, өшпейтін және екі жағынан да көрнекі болуы тиіс.

Логотиптің орналасуы мен өлшемі тапсырыс беруші бекіткен дизайн-макетке толық сәйкес орындалуы қажет.

Өнім беруші кемінде 1 дана кабинеттерде орналастыруға арналған кемінде 100 × 200 см өлшемінде ту дайындалуы тиіс және тот баспайтын металлдан жасалған тұғырмен (қондырғымен) бірге жеткізілуі қажет. Тұғырдың биіктігі кемінде 220–250 см аралығында болуы, негізі ауырлатылған және тұрақты, хромдалған немесе тот баспайтын болаттан жасалған болуы тиіс. Тудың сабы металлдан дайындалып, жоғарғы бөлігінде сәндік ұшы (навершие) болуы қажет.

Сыртқы пайдалануға арналған ту кемінде 150 × 225 см өлшемінде кемінде 2 дана дайындалуы қажет. Ту берік табиғи ағаштан жасалған сапалы таяқпен бірге жеткізілуі тиіс. Ағаш таяқтың беті тегістелген және қорғаныш лакпен өңделген болуы қажет. Диаметрі кемінде 30–35 мм, ұзындығы кемінде 2–2,5 метр болуы тиіс. Туды бекітуге арналған барлық қажетті элементтер жиынтық құрамына енгізілуі қажет.

Тудың барлық шеттері екі рет қайырылып тігілуі, бұрыштары қосымша күшейтілуі және ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды болуы тиіс. Материалдың жыртылуына, созылуына және ауа райының қолайсыз жағдайларына төзімділігі қамтамасыз етілуі қажет.

Магнитті бекіткіш – Өнім беруші жедел марапаттау рәсімдерінде медальдарды, төсбелгілерді және басқа да марапаттау белгілерін киімге ине қолданбай тез әрі сенімді бекітуге арналған кемінде 15 дана магнитті бекіткішпен қамтасыз етуі қажет. Бұйым екі бөліктен тұратын магниттік бекіту жүйесімен жабдықталуы тиіс және киім матасын тесіп немесе бүлдірмей бекітуді қамтамасыз етуі қажет. Магниті жоғары сапалы неодимнен (NdFeB) немесе техникалық сипаттамасы бойынша соған баламалы материалдан дайындалуы тиіс. Магниттің тарту күші марапаттау бұйымын сенімді ұстап тұруға жеткілікті болуы қажет. Бұйымның корпусы тот басуға төзімді металлдан жасалып, беті никель немесе соған ұқсас қорғаныш жабынмен қапталуы тиіс. Магнитті бекіткіштің жалпы өлшемі кемінде 45–50 мм × 12–15 мм, қалыңдығы кемінде 4–6 мм, ал салмағы кемінде 15–30 грамм аралығында болуы тиіс. Бір бекіткіштің көтеру қабілеті кемінде 300 граммды құрауы қажет. Жұмыс бетінде киімнің бүлінуіне жол бермейтін резеңке немесе силиконнан жасалған қорғаныш төсемі болуы тиіс. Өнім көп мәрте пайдалануға жарамды болып, магниттік қасиетін ұзақ уақыт сақтауы, пайдалану мерзімі кемінде 5 жылды құрауы қажет. Бұйымның жиектері тегіс өңделген, өткір қырлары болмауы тиіс.

USB флеш-жад – Өнім беруші ресми іс-шараларда, форумдарда, семинарларда, конференцияларда, оқыту бағдарламаларында және

ақпараттық материалдарды электрондық форматта тарату мақсатында пайдалануға арналған кемінде 20 дана USB флеш-жад құрылғысы қамтамасыз етуі тиіс.

Флеш-жадтың сыйымдылығы кемінде 128 ГБ болуы тиіс. Құрылғы USB кемінде 3.0 немесе одан жоғары интерфейсін қолдауы қажет және USB кемінде 2.0 порттарымен кері үйлесімді болуы тиіс.

Корпусы жоғары сапалы металлдан немесе металл мен берік пластиктің үйлесімінен дайындалуы тиіс. Корпус механикалық зақымдарға, сызаттарға және күнделікті пайдалануға төзімді болуы қажет.

Құрылғының негізгі түсі қара және алтын түсті элементтермен безендірілуі тиіс. Корпус бетінде логотип пен тақырыптық жазу орналастырылады. Логотиптің орналасуы, өлшемі және дизайны тапсырыс беруші бекіткен макетке толық сәйкес орындалуы тиіс.

Логотип пен жазу лазерлік гравировка, ультракүлгін (UV) баспа немесе жоғары сапалы металлға арналған баспа технологиясы арқылы орындалуы тиіс. Белгілеу анық, өшпейтін, тозуға және сыртқы әсерлерге төзімді болуы қажет.

Флеш-жад құрылғысы Windows, macOS және Linux операциялық жүйелерімен қосымша бағдарламаларды орнатусыз жұмыс істеуі тиіс. Деректерді оқу және жазу кезінде тұрақты жұмыс істеуі, файлдарды көшіру барысында қателіктерге жол бермеуі қажет.

Құрылғының оқу жылдамдығы кемінде 80 МБ/с, жазу жылдамдығы кемінде 20 МБ/с болуы қажет.

Әрбір флеш-жад құрылғысы жеке қорғаныш қаптамада жеткізілуі тиіс. Қаптамасы тасымалдау кезінде өнімді механикалық зақымданудан қорғайтын болуы қажет.

Фуршет – кемінде 15 адамға арналған фуршет ұйымдастыру қызметі. Қызмет құрамына фуршеттік үстелді толық ұйымдастыру және безендіру, үстел жабдықтарын орналастыру, дастархан жабдықтары, ыдыс-аяқ, ас құралдары және стақандармен қамтамасыз ету; ет және ірімшік өнімдерінен ассорти, көкөніс және жеміс-жидек ассортиі, салаттардың бірнеше түрі, канапе, шағын бутербродтар, тарталеткалар және басқа да жеңіл тіскебасарлар; нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер; шай, кофе, ауыз су және салқын сусындар ұсыну кіреді. Тағамдар фуршет форматына сәйкес дайын күйінде ұсынылып, тиісті ыдыстарға эстетикалық түрде орналастырылуы тиіс. Қызмет көрсету кезінде тағамдарды үстелге орналастыру, толықтыру, қонақтарға қызмет көрсету және іс-шара аяқталғаннан кейін пайдаланылған ыдыс-аяқ пен жабдықтарды жинау өнім беруші тарапынан жүзеге асырылады. Тағам өнімдері жаңа, сапалы және санитариялық талаптарға сәйкес болуы

тиіс. Фуршетті ұйымдастыруға қажетті барлық материалдар, ыдыс-аяқ, сервистік жабдықтар және қызмет көрсету персоналы өнім берушінің есебінен қамтамасыз етіледі. Қызмет көрсету көлемі – кемінде 15 адам, жалпы құны – кемінде 46,24 АЕК. Қызмет көрсету орны мен уақыты тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі.

Стикерпак – жалпы саны кемінде 50 жиынтық. Әрбір жиынтықтың құрамында кемінде 10 түрлі жеке стикер, яғни бір жиынтықта кемінде 10 дана стикер болуы тиіс. Осылайша жалпы көлемі кемінде 500 дана жеке стикерді құрайды. Стикерлердің тақырыптары мен мазмұны тапсырыс берушімен алдын ала келісіле отырып әзірленуі тиіс. Өнім толық түсті, жоғары сапалы баспа әдісімен дайындалуы, өздігінен жабысатын негізі болуы, жабыны берік және бейнесі мен жазулары анық көрінуі тиіс. Стикерлердің өлшемі – кемінде 50×50 мм, әртүрлі пішінде және дизайнда әзірленуі мүмкін. Стикерлер заманауи, тартымды және тапсырыс беруші бағытының мазмұнына сәйкес келетін визуалдық стильде орындалуы қажет. Әрбір кемінде 10 түрлі стикерден тұратын жиынтық жеке қаптамада ұсынылуы тиіс. Дизайн макеті, түстік шешімі және стикерлердің тақырыптық мазмұны тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі. Стикерлердің баспа сапасы жоғары, түстері қанық, кесу жиектері ұқыпты және сыртқы ақаулары болмауы тиіс. Өнім жаңа, сапалы, зақымданбаған және пайдалануға дайын күйде жеткізілуі қажет.

Автокөліктерді логотиптік безендіру қызметі – Өнім беруші Тапсырыс берушімен тақырыптар мен мазмұнын алдын ала келісе отырып кемінде 200 дана автокөліктердің сыртқы бөліктеріне логотиптік және ақпараттық элементтерді әзірлеу, дайындау және орналастыру жұмыстарын жүргузуі қажет. Безендіру элементтері автокөліктердің есіктеріне, капотына және қажет болған жағдайда басқа да сыртқы бөліктеріне орналастырылуы тиіс. Логотиптер мен ақпараттық жазулар жоғары сапалы, сыртқы орта әсеріне, ылғалға және күн сәулесіне төзімді материалдардан дайындалуы қажет. Материалдың жабысу сапасы жоғары, түстері қанық, мәтіндері мен графикалық элементтері анық көрінетін және автокөліктердің сыртқы көрінісіне ұқыпты үйлесетін болуы тиіс. Дизайн макеті, логотиптік элементтердің орналасуы, өлшемі және түстік шешімі тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі. Жұмыстар автокөліктердің бояу жабынына зақым келтірмей, кәсіби түрде орындалуы тиіс. Қызмет көрсетуге қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды өнім беруші қамтамасыз етеді.

«YouTube» платформасында профилактикалық бейнероликтерді орналастыру бойынша – «YouTube» платформасында азаматтарға есірткі қылмысының, балаларға қатысты құқық бұзушылықтардың және интернет-алаяқтықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық бейнероликтерді

жарнамалық форматта орналастыру және тарату қызметі жүзеге асырылуы қажет. Қызмет Google Ads жарнамалық жүйесі арқылы жүргізіліп, Жетісу облысының тұрғындарына бағытталған мақсатты жарнамалық науқанды қамтуы тиіс.

Өнім беруші «YouTube» платформасында және Google Ads жарнамалық жүйесінде жарнамалық науқанды ұйымдастыруға байланысты барлық қажетті техникалық рәсімдерді, платформамен өзара іс-қимылды, жарнамалық кабинетті баптауды және жарнамалық материалдарды орналастыруға қажетті келісу рәсімдерін өз күшімен қамтамасыз етуге міндетті. Осы жұмыстарға байланысты барлық ұйымдастырушылық және техникалық мәселелер Өнім беруші тарапынан шешілуі тиіс.

Жарнамалық науқан шеңберінде есірткі қылмысының алдын алу, балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және интернет-алаяқтықтың алдын алу бағыттары бойынша кемінде 3 профилактикалық бейнеролик орналастырылуы қажет. Бейнероликтер «non-skippable in-stream» форматында, яғни пайдаланушы тарапынан өткізіп жіберу мүмкіндігінсіз көрсетілуі тиіс. Әрбір бейнероликтің ұзақтығы кемінде 7–15 секунд аралығында болып, негізгі профилактикалық ақпараттың алғашқы секундтардан бастап аудиторияға міндетті түрде жеткізілуі қамтамасыз етілуі қажет.

Өнім беруші профилактикалық бейнероликтерді әзірлеуге, түсіруге, монтаждауға және дайын бейнематериал ретінде ұсынуға міндетті. Бейнероликтердің мазмұны Тапсырыс берушімен алдын ала келісіліп, профилактикалық бағытқа сәйкес, түсінікті және азаматтарға арналған ақпараттық сипатта болуы тиіс.

Жарнамалық көрсетілімдер Жетісу облысының аумағындағы мақсатты аудиторияға бағытталып, қолжетімді географиялық және аудиториялық параметрлер негізінде бапталуы тиіс. Жарнамалық науқанды ұйымдастыру және іске қосу 2026 жылғы қазан айында жүзеге асырылуы тиіс. Науқанның жалпы ұзақтығы кемінде 30 күнтізбелік күнді құрауы қажет. Өнім беруші бейнероликтерді орналастыруды, жарнамалық науқанды техникалық баптауды, іске қосуды, жүргізуді, көрсетілімдер барысына мониторинг жасауды және науқан тиімділігін оңтайландыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Жарнамалық науқанды жүргізу үшін Өнім беруші Google Ads жүйесінде жеке жарнамалық кабинет ашып, оны Тапсырыс берушінің электрондық поштасына тіркеуге міндетті. Жарнамалық кабинет Тапсырыс берушінің меншігінде және тұрақты пайдалануында қалуы тиіс.

Өнім беруші қызмет көрсету кезеңінде жарнамалық кабинетті толық баптауды және жүргізуді қамтамасыз етеді, ал қызмет көрсету мерзімі

аяқталғаннан кейін жарнамалық кабинеттің барлық әкімшілік құқықтарын, логинін және қолжетімділік деректерін Тапсырыс берушіге толық көлемде беруге міндетті.

Жарнамалық кабинет Өнім берушінің жеке аккаунтында немесе Өнім берушінің бақылауында қалдырылмауы тиіс. Қызмет аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші жарнамалық кабинетті өз бетінше пайдалану, өзгерту, басқару және кейінгі жарнамалық науқандарды жүргізу мүмкіндігіне ие болуы қажет.

Жарнамалық кабинетті ашу, тіркеу, баптау және Тапсырыс берушіге толық әкімшілік қолжетімділікті беру бойынша барлық ұйымдастырушылық және техникалық жұмыстарды Өнім беруші жүзеге асырады.

Қызмет көрсету барысында Өнім беруші бейнероликтердің көрсетілім саны, қамтылған аудитория көлемі, көрсетілім жиілігі, көрсетілім нәтижелері және өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша күнделікті мониторинг жүргізуге міндетті.

Мониторинг нәтижелері бойынша күнделікті электрондық есеп Тапсырыс берушіге күнделікті сағат 17:00-ге дейін жолдануы тиіс. Есеп электрондық түрде ұсынылып, қажет болған жағдайда Google Ads жүйесінен алынған статистикалық деректердің скриншоттарымен немесе есептік материалдарымен расталуы қажет.

Күнделікті есепте кемінде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс: есепті кезеңнің күні, әр бейнеролик бойынша көрсетілім саны, қамтылған аудитория саны, көрсетілім жиілігі, бейнероликтер бойынша қаралымдар және өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер, жарнамалық науқанның жалпы көрсеткіштері, есепті кезеңдегі жарнамалық науқанның орындалу барысы.

Есеп Өнім берушінің жауапты тұлғасы тарапынан дайындалып, Тапсырыс беруші көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс.

Қызмет көрсету барысында бейнероликтердің көрсетілім саны, қамтылған аудитория көлемі, көрсетілім жиілігі және өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша мониторинг жүргізіліп, қызмет аяқталғаннан кейін Өнім беруші күнделікті есептердің негізінде жарнамалық науқанның толық қорытынды статистикасын қамтитын қорытынды есепті ұсынуға міндетті.

Брошюралар – қоғамдық тәртіпті сақтау, заң талаптарын құрметтеу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және қоғамдағы заң мен тәртіп қағидаттарын ілгерілету мақсатында әзірленуі тиіс. Брошюра мазмұнында құқықтық мәдениет, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, заң талаптарын сақтау, қоғамдық қауіпсіздік, жауапкершілік және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы ақпарат қамтылуы қажет.

Жалпы саны – кемінде 1 000 дана. Баспа өнімдері толық түсті, сапалы полиграфиялық әдіспен дайындалып, мәтіндер мен графикалық материалдар анық әрі оқуға ыңғайлы түрде орналастырылуы тиіс. Брошюраның сыртқы безендірілуі заманауи және ақпараттық сипатта орындалып, Тапсырыс берушінің мазмұнына сәйкес келуі қажет. Дизайн макеті, мәтіндік және иллюстрациялық материалдар Тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі. Брошюралар сапалы қағазға басылып, бүктелген және дайын өнім түрінде ұсынылуы тиіс. Өнімдер жаңа, таза, баспа ақауларынсыз және пайдалануға дайын күйде жеткізілуі қажет.

МАҢЫЗДЫ!!! Жеткізілетін барлық өнімдер жаңа, бұрын пайдаланылмаған, өндірістік ақаусыз болуы және Қазақстан Республикасында қолданыстағы сапа талаптарына сәйкес келуі тиіс. Тауардың дайын үлгісі мен түсі Тапсырыс берушімен алдын ала келісілгеннен кейін ғана жаппай өндірілуі қажет.

Ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы **Е. Байғазы**

«УТВЕРЖДАЮ»
Руководитель управления
внутренней политики области Жетісу
_____Б.Абибеков
«___» 09 _____2026 год

Техническая спецификация
конференции «Заң мен тәртіп– әділдіктің тірегі»

1. **Место оказание услуг:** область Жетісу.
2. **Сроки оказание услуг:** Согласно договора в течение 20 календарных дней с момента регистрации договора в органах Казначейства.

Для организации и проведения мероприятия
Поставщик должен обеспечить:

Бейсболка – Поставщик должен обеспечить поставку не менее 30 бейсболок, предназначенных для ежедневного использования, а также для ношения во время официальных мероприятий, акций, форумов, общественных и информационно-разъяснительных мероприятий.

Бейсболка должна быть изготовлена по классической шестипанельной конструкции. Передняя часть должна быть усиленной, козырек — предварительно изогнутой формы. С задней стороны должен быть предусмотрен регулируемый фиксатор для удобной подгонки по размеру головы. Все швы должны быть ровными и качественно выполненными, без остатков нитей и производственных дефектов.

Основной цвет бейсболки — темно-бирюзовый. Логотип должен быть выполнен белым цветом.

Логотип размещается в центральной части передней панели бейсболки. Кроме того, надпись должна быть размещена на левой боковой части бейсболки. Расположение логотипа и надписи должно полностью соответствовать дизайн-макету, предоставленному Заказчиком.

В качестве технологии нанесения логотипа и надписи должна использоваться высококачественная машинная вышивка, термотрансферная печать либо прямая печать с высокой стойкостью к износу. Изображение должно быть четким и хорошо различимым, не стираться, не растрескиваться и сохранять свои свойства при воздействии внешних факторов.

Футболка – Поставщик должен обеспечить поставку не менее 30 футболок, предназначенных для повседневного использования, а также для ношения во время массовых мероприятий, акций, форумов, семинаров, спортивных и информационно-пропагандистских мероприятий.

Футболка должна быть классического кроя, с короткими рукавами и круглым вырезом горловины. Модель должна иметь универсальный фасон, подходящий как для мужчин, так и для женщин. Все швы должны быть ровными и качественно выполненными, без остатков нитей и производственных дефектов.

Изделие должно быть изготовлено из натурального хлопка. Плотность ткани должна составлять не менее 180–200 г/м². Материал должен быть мягким, воздухопроницаемым, устойчивым к износу, сохранять форму и цвет в процессе эксплуатации.

Основной цвет футболки — темно-бирюзовый. Окраска изделия должна быть равномерной, стойкой к выцветанию и выполненной с использованием качественных красителей.

Логотип и надпись должны быть размещены на левой стороне груди. Логотип должен быть выполнен белым цветом. Расположение и размеры логотипа и надписи должны полностью соответствовать утвержденному дизайн-макету, предоставленному Заказчиком.

Логотип и надпись должны быть нанесены методом высококачественной шелкографии. Изображение должно быть четким, насыщенным, устойчивым к растрескиванию и истиранию, не выцветать и сохранять первоначальное качество в течение всего срока эксплуатации.

Футболки должны быть изготовлены в размерах S, M, L, XL и XXL.

Количество изделий каждого размера определяется в соответствии с потребностью Заказчика.

Жилет – Поставщик должен обеспечить поставку не менее 30 жилетов, предназначенных для волонтеров, организаторов и участников мероприятий.

Изделие должно быть удобным для ношения на открытом воздухе и в прохладное время года. Жилет должен быть классического кроя, без рукавов, прямого силуэта. Передняя часть должна быть оснащена застежкой-молнией по всей длине изделия. Воротник должен быть выполнен в виде стойки, обеспечивающей защиту шеи от холода. Все швы должны быть ровными и качественно выполненными, без производственных дефектов и выступающих нитей.

Внешний материал должен быть изготовлен из высококачественного водо- и ветрозащитного полиэстера. Плотность ткани должна составлять не менее 90–120 г/м². Внутренний слой должен быть наполнен синтетическим

